





### Мағзүмов Шынтемір

1917 жылы 15 мамырда Қостанай облысы Аманкелді ауданы Байғабыл ауылында туған. Бастауыш мектепте білім алып, колхозда жұмыс істеген. 1941 жылы әскер қатарына шақырылған. Әскери дайындықтан кейін Ленинград майданына жіберіледі. Ладого көліне жетіп, «Өмір жолы» деген өткен арқылы Ленинград қоршауына өтіп, соғысқа ақатысқан. Кронштадт тұсында 272-атқыштар полкінің құрамында жаумен соғысып жүргенде қолынан жараланып, госпитальде жатып емделеді. Жазылып шыққаннан кейін II Белорусс майданына жіберілген. 37-гвардиялық дивизияның 118-атқыштар полкінің құрамында балтық теңізі бойындағы Данциг-Гданск қалаларына дейінгі елді мекендерді босатуға қатысқан. Польша жеріндегі шайқаста екінші рет аяғынан ауыр жараланып, 1944 жылы 2-топтағы мүгедек болып елге оралған. Елге келген соң аудан мекемелерінде күзетші, зейнеткерлікке шыққанға дейін аудандық тұтынушылар кооперациясы мекемесінде жүкші болып жұмыс істеген. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Отан соғысы» орденімен, «Ленинградты қорғағаны үшін», «Кеңес Одағының Маршалы Г.К Жуковтың», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. 2001 жылы қайтыс болған.